

## **"Южнефтегаз" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін сату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 желтоқсан N 1483<\*>  
ЕСКЕРТУ. ҚРҰ-нің 1997.01.31. N 130 қаулысын қараңыз. ~P970130

Оңтүстік Қазақстан мұнай-газ кешенінің тұрақты жұмысын және болашақта дамуын , шетел инвестицияларын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Харрикейн Хайдрокарбонс ЛТД" канадалық компанияға толығымен жататын " Харрикейн Кумколь Лимитед" компаниясының "Южнефтегаз" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін сату туралы ашық тендермен шарттың нәтижелері мақұлданын.

2. Ашық тендер нәтижесіне және "Харрикейн Кумколь Лимитед" компаниясы акцияларының мемлекеттік пакетін сату шартына сәйкес Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Южнефтегаз" акционерлік қоғамына аталған акционерлік қоғамның акциялардың мемлекеттік пакетін сату шартына қол қою сәтінде бірлескен кәсіпорындарда лицензиялар бойынша, ол қайтарып алынған жағдайда, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беруді қамтамасыз етсін. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.12.14. N 1542 қаулысымен. P961542\_

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Харрикейн Хайдрокарбонс ЛТД" компаниясының мемлекеттік акциялар пакетін сату туралы шарттың талаптарына сәйкес 1996 жылдың 7 желтоқсанына дейін көмірсутегі шикізатын өндіруге арналған контрактіні ресімдесін.

4. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет "Южнефтегаз" акционерлік қоғамын "ЮТЭК" акционерлік компаниясының құрамынан шығару туралы мәселені заңда белгіленген тәртіппен шешетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен "Южнефтегаз" акционерлік қоғамын және оның еншілес компанияларын аудиторлық тексеруді аяқтағаннан кейін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектер мәселесін қолданылып жүрген заңдарға және "Харрикейн Кумколь

Лимитед" компаниясы аталған қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін сату шартына қатаң сәйкестікте реттесін.

"Харрикейн Куколь Лимитед" компаниясы "Южнефтегаз" акционерлік

қоғамының және оның еншілес компанияларының салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке уақтылы төлемегені үшін аталған қоғамның мемлекеттік акцияларын алғанға дейін жауапты болмайтындығын ескереді.

6. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар "Харрикейн Кумколь Лимитед" компаниясының қызметіне қажетті жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі